



БҰЙРЫҚ

« 30 » 12 2021 ж/г.

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 2016-9

город Алматы

Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. №127 бұйрығымен бекітілген дәреже тағайындау ережелеріне, 25.05.2021 ж. №17 «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КеАҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КеАҚ Диссертациялық кеңесі туралы ережелеріне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **Мустафа Лаура Молдакеримовна** – (PhD) докторантура бағдарламасын меңгерген және «Көмірпластиктің беріктік қасиеттерін арттыру үшін эпоксидті шайыр мен көміртекті ұлпаларды жетілдіру әдістерін әзірлеу» тақырыбы бойынша диссертациясын қорғаған, 6D071000 – «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

2. **Мустафа Л.М.** философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындау дипломы белгіленген тәртіп бойынша берілсін.

Негіздеме: 27.12.2021 ж. №10 КеАҚ 6D070900 – «Металлургия» және 6D071000 – «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» мамандықтары бойынша «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың Диссертациялық кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді.


Басқарма мүшесі –
Академиялық мәселелер жөніндегі
проректор

Б. Жәутіков

066563

Енгізеді:

Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры


_____ Н.Жунусбекова
« ____ » _____ 2021 жыл

Келісілді:

Заң жүзінде қамтамасыз ету
бөлімінің басшысының м.а.


_____ Т. Абуkenов
« ____ » _____ 2021 жыл

**Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ жанындағы Металлургия және
материалтану жөніндегі диссертациялық кеңестің
№ 10 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

Алматы қ.

«27» желтоқсан 2021 ж.

ҚАТЫСҚАНДАР:

Тұрақты құрамы: Кенжалиев Б. К. – диссертациялық кеңестің төрағасы, Смағұлов Д. У. – диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары, Бурабаева Н.М. – диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, Скопов Г.В., Абдулвалиев Р.А., Исмаилов М.Б.

Уақытша құрамы: Тулеушев Ю.Ж., Фоменко С.М., Какимов Ұ.Қ., Бейсенов Р.Е., Паничкин А.В., Мамаева А.А.

Металлургия және материалтану жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор Кенжалиев Бағдәулет Кенжалиұлы.

Металлургия және материалтану жөніндегі диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы – техника ғылымдарының кандидаты Бурабаева Нурилла Муратовна.

Күн тәртібі:

Мустафа Лаура Молдакеримовнаның 6D071000 – Материалтану және жаңа материалдар технологиясы мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Көмірпластиктің беріктік қасиеттерін арттыру үшін эпоксидті шайыр мен көміртекті ұлпаларды жетілдіру әдістерін әзірлеу» тақырыбында диссертациялық жұмысын қорғауы.

Ғылым кеңесшілер:

1. Исмаилов Марат Базаралыұлы – техника ғылымдарының докторы, профессор, «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ-да ғарыштық материалтану және аспап жасау департаментінің директоры.

2. Санин Анатолий Федорович – техника ғылымдарының докторы, профессор, «Олеся Гончар атындағы Днепр ұлттық университетінің» ұшу аппараттарын өндіру технологиясы кафедрасының меңгерушісі, Днепр қаласы, Украина.

Ресми рецензенттер:

1. Батрышев Дидар Ғалымұлы – PhD докторы, «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-да ғылым және инновациялар департаментінің

басқарушы директоры, 6D071000 – Материалтану және жаңа материалдар технологиясы мамандығы бойынша 5 ғылыми жарияланымдары бар.

2. Партизан Гүлмайра – PhD докторы, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» физика-техникалық факультетінің қатты дене физикасы және бейсызық физика кафедрасының доценті, 6D071000 – Материалтану және жаңа материалдар технологиясы мамандығы бойынша 5 ғылыми жарияланымдары бар.

ТЫҢДАҒАНДАР:

Докторант Мустафа Лаура Молдакеримовнаның сөз сөйлеуі, ол өз баяндамасында диссертациялық жұмыстың мәнін баяндап берді. Баяндама презентация түрінде ұсынылды. Баяндама барысында келесі сұрақтар қойылды:

1. Зерттелетін мәселенің өзектілігі
2. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері
3. Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу
4. Қорғауға шығарылатын ғылыми ережелер
5. Диссертацияның практикалық маңыздылығы

Кеңес төрағасы Б. К. Кенжалиев келесі кезеңге – жұмысты талқылауға көшуді ұсынды. Сөз ресми рецензенттерге берілді. Ресми рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының жоғары деңгейін атап өтті. Рецензенттер жұмыстың сапасы мен өзектілігін төмендетпейтін келесі ескертулерді атап өтті:

1. Диссертациялық жұмыста келтірілген соққыға төзімді көмірпластик аэроғарыштық материалдар өндірісінің отандық технологиясында қолданылады. Алайда, соққыға төзімді көмірпластиктің қолданылу аясының басқа салалары келтірілмеген.

2. Диссертациялық жұмыста әдіснама жеткілікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған. Дегенмен, диссертациялық жұмыста көмірпластиктің температуралық әсерлерге тұрақтылығы кеңінен көрсетілмеген.

3. Эксперименттерді жүргізу схемасы егжей-тегжейлі жазылған, зерттеу әдістері мен қолданылған материалдардың сипаттамалары және физикалық-химиялық талдау жүргізу әдістері келтірілген. Бірақ, эксперименттік сынақ жүргізу кезінде бір үлгіге қанша рет сынақ жүргізілгені туралы және нәтижені қалай есептеп алынған туралы толық жазылмаған.

Рецензенттердің сөзінен кейін докторант Л.М. Мустафа сөз сөйледі, докторант ресми рецензенттердің сұрақтарына және ескертулеріне толық жауап берді. Рецензенттер докторанттың жауаптарына қанағаттанды.

ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

«ҚОЛДАЙМЫН» - 12 дауыс
«ҚАРСЫМЫН» - жок

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Мустафа Лаура Молдакеримовна қорғау нәтижелері және дауыс беру нәтижелері бойынша Диссертациялық кеңес оған 6D071000 – «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешім қабылдады.

Металлургия және материалтану
бойынша Диссертациялық кеңестің
төрағасы, техника ғылымдарының
докторы, профессор



Кенжалиев Б.К

Металлургия және материалтану
бойынша Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы,
техника ғылымдарының
кандидаты

Бурабаева Н.М.

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті жанындағы Metallургия және материалтану жөніндегі диссертациялық кеңестің 6D071000 – «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін Мустафа Лаура Молдакеримовнаның «Көмірпластиктің беріктік қасиеттерін арттыру үшін эпоксидті шайыр мен көміртекті ұлпаларды жетілдіру әдістерін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғау жөніндегі ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Жұмыс «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ-да орындалған және диссертациялық жұмыс түрінде ұсынылған.

Ғылыми кеңесшілер:

1. Исмаилов Марат Базаралыұлы – техника ғылымдарының докторы, профессор, «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ-да ғарыштық материалтану және аспап жасау департаментінің директоры.

2. Санин Анатолий Федорович – техника ғылымдарының докторы, профессор, «Олеся Гончар атындағы Днепр ұлттық университетінің» ұшу аппараттарын өндіру технологиясы кафедрасының меңгерушісі, Днепр қаласы, Украина.

Рецензенттер:

1. Батрышев Дидар Ғалымұлы - PhD докторы, «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-да ғылым және инновациялар департаментінің басқарушы директоры, 6D071000- Материалтану және жаңа материалдар технологиясы мамандығы бойынша 5 ғылыми жарияланымдары бар.

2. Партизан Гүлмайра - PhD докторы, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» физика-техникалық факультетінің қатты дене физикасы және бейсызық физика кафедрасының доценті, 6D071000 - Материалтану және жаңа материалдар технологиясы мамандығы бойынша 5 ғылыми жарияланымдары бар.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 7 баспа жұмысы жарияланды, оның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus базасына кіретін журналдарда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда жарияланды. Диссертациялық жұмыстың негізгі жаңалықтары және нәтижелері Халықаралық ғылыми конференцияларда 2 баяндама түрінде жарияланды, сонымен қатар 1 патент жарияланды.

Қорғау 2021 жылдың 27 желтоқсанында, сағат 10:00-да Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Металлургия және кен байыту институты» АҚ- да өтті.

Мустафа Л.М. диссертациялық жұмысы көмірпластиктің беріктік қасиеттерін арттыру мәселесіне бағытталған. Аэроғарыштық аппараттардың жиынтықтауыштарына соққыға төзімді көмірпластик қажет. Жоғары беріктікке ие көмірпластик Қазақстанда өндірілмейді, осыған байланысты оларды импорттауға тура келеді. Көмірпластик беріктігі 415 МПа-дан асатын зымыран және қос мақсаттағы тауарлар мен технологиялар тізіміне енгізілген

(технология экспорттық бақылаудың халықаралық келісімдерімен жіктелген). Осыған байланысты аэроғарыштық мақсаттағы материалдар өндірісінің отандық технологияларын дамыту қажет.

Қойылған міндеттер көміртекті матаны тотықтыру арқылы белсенділігін арттыру және ЭШ модификациялау арқылы беріктігі мен соққы тұтқырлығын жоғарлату көмірпластиктің жаңа технологиясын құруға бағытталған кешенді зерттеулердің жүргізілуін талап етеді.

Әлемдік тәжірибеде, көмірпластиктің статикалық беріктік дейгейін сақтай отырып, соққыға төзімді көмірпластик алу технологиясын қажет етеді. Бұл технология өте күрделі, себебі беріктік қасиетінің бір индикаторын жоғарылатқанда, басқа қасиеттеріне теріс әсер ету мүмкін. Сол себепті, көмірпластиктің беріктігі мен соққы тұтқырлығын бір уақытта арттыру күрделі зерттеулерді қажет ететіндігі анық.

Бұл технологияда әзірленген көмірпластиктің ерекшелігі қос мақсаттағы тізімдегі сатуға тиым салынатын көмірпластиктің беріктік сипаттамаларына сәйкес келеді.

Осы диссертациядағы ұсынып отырған технология сығу беріктігі 425-600 МПа-ға дейін болатын және соққы тұтқырлығы 250 кДж/м² дейін болатын көмірпластиктерді алуға мүмкіндік береді. Бұл ұшу аппараттарының конструкцияларын 3-5 есе жеңілдетуге мүмкіндік беріп, сонымен бірге соққы төзімділігін арттырады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері және тақырыптың бағыты №0115РК00365 «Беріктігі жоғары қасиеттері шекті көмірпластик пен олардан жасалған бұйымдарды өндіру отандық технологиясын жетілдіру» 2015-2017 жылдардағы Гранттық қаржыландыру жобасы және Республикалық қаржылық бағдарламасы 008 «Ғарыш қызметі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» бағдарламасының № 0118РК0835 «Қорғаныс және аэроғарыштық қосымшалар үшін соққыға төзімді көмірпластик өнімдерін өндіру технологиясын әзірлеу» 2018-2020 жылдардағы мақсатты қаржыландыру бағдарламасымен байланысты.

Мустафа Лаура Молдакеримовнаға 6D071000 – Материалтану және жаңа материалдар технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы мәселе бойынша дауыс беру нәтижелері:

қолдаймын – 12,
қарсымын – жоқ,
жарамсыз бюллетеньдер – 1.

Осылайша, Металлургия және материалтану жөніндегі диссертациялық кеңес көпшілік алдында диссертация қорғау және жасырын дауыс беру нәтижелері негізінде Мустафа Лаура Молдакеримовнаға 6D071000 – Материалтану және жаңа материалдар технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешім қабылдады.

ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ЖІКТЕУ БЕЛГІЛЕРІ

1. Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

① Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған.

2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған

3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес

2. Ғылымға маңыздылығы:

Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.

3. Өзі жазу принципі:

1) жоғары ② орташа 3) төмен 4) өзі жазбаған

4. Ішкі бірлік принципі:

4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі

① негізделген 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген

4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды

① айқындайды 2) жартылай айқындайды 3) айқындамайды

5. Ғылыми жаңашылдық принципі

5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?

① толығымен жаңа;

2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);

3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?

① толығымен жаңа;

2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);

3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?

① толығымен жаңа;

2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);

3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

6. Негізгі қорытындылардың негізділігі

Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген

7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар:

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді 2) шамамен дәлелденді 3) шамамен дәлелденбеді
4) дәлелденбеді

7.2 Жаңа ма?

- 1) ия 2) жоқ

7.3 Қолдану деңгейі

- 1) тар 2) орташа 3) кең

8. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі

8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған

- 1) ия 2) жоқ

8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:

- 1) ия 2) жоқ

9. Практикалық құндылық принципі

9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар

- 1) ия 2) жоқ

9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:

- 1) ия 2) жоқ

9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?

- 1) толығымен жаңа;
2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);
3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

10. Жазу және ресімдеу сапасы

- 1) жоғары 2) орташа 3) орташадан төмен 4) төмен

11. Қолданбалы мәні бар диссертация нәтижелерін енгізу (пайдалану) деңгейі

1 халықаралық деңгейде (лицензиялар сатылды, халықаралық гранттар алынды);

- 2) салааралық деңгейде
- 3 сала ауқымында
- 4 ұйымдар шеңберінде

12. Қолданбалы маңызы бар диссертациялардың нәтижелерін кеңінен пайдалану жөніндегі ұсынымдар

- 1) кеңейтілген пайдалануды талап етеді
- 2) кеңейтілген пайдалануды талап етпейді

Металлургия және материалтану бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор



Кенжалиев Б.К

Металлургия және материалтану бойынша Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, техника ғылымдарының кандидаты

Бурабаева Н.М.